



Мұнайды ӨЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№07 (117), тамыз, 2019 жыл



«ӨЗ ӨЛКЕНДІ ТАНЫ!» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖҮРІП ӨТТІ



толы тарихымен терең танысып кайтуға ізгі тілектерін білдірді.

...Тамыздың аптап ыстығын ала бұлтқа жасырған таңертенгілік қоңыр салқынымен көңілге қуаныш күйғандай. «Маңғыстаумұнайгаз» қоғамының жастарына келіп жан-жақтан қосылған қаражанбастық, жаңаөзендік, Ақтау қаласындағы еншілес компаниялардың жас мамандары қызылды-жасылды туларымен, аспанға қалықтаған алуан түсті шарларымен, гитараға қосылып әуелеткен әнімен компания алаңын думанға бөледі. 70-ке тарта мұнайшы жастар сол көңіл-күймен сапарға қозғалды. Бес автобуспен жол тартқан олар экспедиция маршруты бойынша Саура – Қапмасай – Шақпақ Ата – Кенті Баба – Сұлтан епе – Ақмыс – Қызылқала – Шеркала – Шетпе бағытын бетке алды.

Саура мен Қапмасайды аралап келіп, экспедиция ескілікті сәулет өнері ескерткіштерінің бірегейі - Шақпақ Ата жер асты мешітіне тоқтап, түнмелікке қосын тікті. Тұлқараған ауданы Таушық ауылынан 25 км қашықтықта, Каспий теңізінің Сарытас-Қошақ шығанағына жақын Оңғазы (Өңеже) тауының етегінде (Шиліқұдық алқабы) орналасқан Шақпақ ата жерасты мешіті туралы тарихи деректерге қаныққан жастар мешіттің батыс жағындағы Шақпақ атаның атымен аталатын қорым (14 ғ.), қорымның оңтүстік-батыс жағында сақталған ортағасырлық (13-17 ғ.) қойтастар, сандықтастар, тас қоршаулар, солтүстік жағында орналасқан 18 - 19 ғасырға жататын сағанатамдар, құлпытастар мен тас қоршаулармен танысты. Мұнда Адай тайпасының бірқатар белгілі көрнекті тұлғалары арулап жерленген. Ержан хазірет Төлегенұлының кесенесі де осында.

Қала мен өндірістен ұзап шықпаған жастар үшін жұлдызды аспан да, күмбір-

күмбір сырын ішіне бүккен күмбездер де, айдың сәулесімен қалың ауылдың сұлбасындай көрінетін бейіттердің тылсымы да... басқа әлем еді. Құлаққа ұрған танадай тыныштық, бір-біріне бауырласып бүк түсіп жатқан құба жондар... осы төбелер мен сайлардан талай қауым көшті-ау, қандай тарихы бар екен деген әуестік, Өбіш аға айтатындай, тарихын хатқа сенбей, тасқа сеніп тапсырған ата-баба көргенділігі... білсем екен, таныған үстіне тани түссем екен деген жастарға білім мен біліктің шоғын тастағаны сөзсіз... Тұн шымдылығы сыпырылғанша жастар орналасқан киіз үйден бір-бірімен жақынырақ танысып жатқан қыз-жігіттің жақсы әңгімесі, жарасымды әзіл-құлкі, домбыраның күмбірі бір үзілмеді...

Сүт пісірімге жетпейтін жаздың түні не болсын, жартастардың қойнауынан шығып, сенбінің таны да атты. Аспанды тұмшалап алған қою бұлт жауын-шашыннан хабар бергендей ме?! Дегенмен жастыққа тән жалын, бірі бірімен қалжың қағысқан қыз-жігіттердің жарқын көңіл-күйіне қарап,

көңілің қуанып, жаңың жадырайды. Ұйымшылдықпен қосты жинап, жолға қозғала бастағанда осыны күтіп тұрғандай аспанның көгің найзағай тіліп өтті. Күркірей жөнелген көкпен сар етіп, жаздың жанбыры құйып берді дейсін. Жас адамға бәрі қызық, аяқ астынан батпаққа батып қалған бір автобусы сүйірелеумен тастаққа шығарып, экспедиция көшіне іліктірді.

Міне, жолға шықсаң самсап қарсы ала кететін көне қауымның бірі -Кенті баба бейіті. Ол екедегі ескі бейіттердің бірі саналады. Маңғыстаудың солүстігінде Сұлтан Епе жерасты мешітінен екі шақырым жерде орналасқан. Бейітте ежелгі заманда (X - XVI ғ.) жерленген 120-дан астам адамның зираты бар делінеді. Ерекше тастармен қоршалған дала мешітінің құбылаға қарайтын тұсында зиярат ететін орны бар. Алыстан көз сала қараған жанға ескі зиярат аумағында үш мавзолей ерекше көзге түседі.

Кенті баба бейітіне құран бағышталып болған соң, экспедиция мүшелері су апатынан сақтаушы делінетін Сұлтан Епеге

(Жалғасы 2-бетте)





«ӨЗ ӨЛКЕНДІ ТАНЫ»

ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖҮРІП ӨТТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

беттеді. Келген тұста дидарлы жүзбен қарсы алған шырақшы баба тарихына қысқаша шолу жасалды.

Халық жалында сақталған аңызға сүйенсек, Сұлтан Епе кезінде Маңғыстауға келген Қожа Ахмет Иасауидің шәкірттерінің бірі ретінде аталады. Тарихи деректерде шамамен 12–13 ғасырларда өмір сүрген Құл Сұлейменнің (Хәкім атаның) баласы делінеді. Оның есімі ел ішінде «Баһрғани» жазбасының несі және су апатынан сақтаушы ретінде белгілі.

Сұлтан Епе мешітінен кейін экспедиция маршруты Ақмышқа да келіп жетті. Экспедиция сапары Шерқала тауы мен Қызылқала қалашығында мәресіне жетті. Ақмыш - өлкедегі ежелгі цивилизацияның жұрнағы, Жібек жолы өткен тармақ. Маңғыстаудың байырғы құрылыс мәдениеті, сәулет өнеріне осы Ақмыштағы Қызылқала дәлел. Бергі тарихта Ақмышта 1920 ж. уездік қаржы бөлімінің бастығы Хажы (Қажы) Онғалбаевтың басшылығымен балалар үйі ашылған. Кейіннен ол Қаңға бетке көшірілген.

Тарихи сонау ежелгі дәуірден жалғасып келе жатырған қасиетті орында



экспедицияны қорытындылаған мұнайшы жас мамандар «Маңғыстау» газетіне сұхбат беріп, өз әсерлерімен бөліскен болатын.

Марсбек Иманов, «Технологиялық кәсіпкер және ұнғымаларға қызмет көрсету» ЖШС қызметкері, жас мамандар кеңесінің төрағасы:

- Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорынының 40 жылдығы және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан құралған жас мамандар кеңесінің 5 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. 2 күндік саяхаттау сапарымызда «Өз өлкенді таны» атты «ММГ» АҚ басшылығы мен жалынды жастары бірлесіп ұйымдастырған шарасы керемет жоғары деңгейде өткеніне ешкімнің таласы жоқ. Барлығы да рухани

сусынданып, табиғат ананың әдемілігіне көздері тоймай, ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен мұрасы мен жәдігерлерін көріп таң қалып, тамсануымыздың өзін біріңбіт болды. Саяхатымыз Саура шатқалынан немесе Тасбақалы көлшігінен басталып, әсерлі көріністеріне ерекше қызығушылық танытып, одан әрмен қарай Қаламқас шатқалының әсем көріністерін көріп, таңдай қақтырарлық тік құлама құздарына көзіміз тоймай тәнті болдық. Сөйтіп соңғы нүктеміз үш бірдей қасиетті де көрнекті, тарихи мол Ақмыш демалыс кешеніне тоқталып, Шерқала, Қызылқала тарихи қалашығына саяхаттап, құмыра сынықтарын, қуяған қызыл кірпіштерін көзбен көріп, қолмен ұстап, бұрынғы бабалардың шеберлігіне қайран қалдық. Өз өлкеміздің әсем де тарихи орындарына саяхат жасап, тереңірек танысуға мүмкіндік сыйлаған «ММГ» АҚ басшылығына және әріптестеріме, аға-апаларымызға үлкен рақметімізді айтамыз.

Ерболдат Ешанов, ММГ АҚ «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жас мамандар кеңесінің төрағасы:

- Қазақ мұнайы мен Қаламқас

кенорының мерейтойлары аясындағы екі күнге толы экспедициядан көп мағлұматтар алдық. Өлке тарихымен танысып, ерекше рухани ләззат алып, демалып қайтып келе жатырмыз. Осы жерге келіп, саяхаттап, терең тарихымыздан хабардар болып жатқан әріптестеріміздің араларында бұл тарихи орындарда бұрын болып көрмегендері де бар екен. Тарихи сонау ықалым замандардан бастау алатынын Маңғыстауды өз көзімен аралап көрсен, аспан астындағы мұражай деп текке айтылмайтындығын анық сезесің. Тарихи мұраларымызды кейінгі буын ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу үшін біз осындай тарихи орындарды көп аралап, мүмкіндігіміз келгенше танып білуіміз шарт.

Асылбек Бисатов, «Қаражан-басмұнай» жас мамандар кеңесінің төрағасы:

- Біздер, жас мамандар, бұл экспедициядан өте керемет әсер алдық. Туған өлкеміздің таңғаларлық табиғаты мен ежелгі тарихы хақында күнделікті теледидар, ғаламтор, газет-журналдардан көріп-оқыған бір бөлек те, ал осы сапар аясында жанымыз сезіп, даланың шанын жұтып, күніне күйіп, жаңбырының астында жүріп сезінген бір бөлек екен. Әдейі үйлестіргендей, сапарымызда аспаннан ақ нөсер жауып, керемет естен кетпес әсерлі күндер болды. Осы өлкеде туып өссем де Саура, Қапаласай, Шақпақ Ата, Кенті Баба, Сұлтан епе, Шерқала, Қызылқала сынды тарихи жерлеріне алғаш сапар шегіп, аяқ басуым екен. Бір сөзбен айтқып жеткізбес, өте керемет, бөлек әсер алып жатырмын. Бұрынғының көнекөздері айтпақшы, «көз тірінде Маңғыстауды көріп қал» дейтін қанатты сөздері осындайда есіне түседі. Ұйымдастырушы әріптестерімізге, басшылығына алғысымыз шексіз. Мереке құтты болсын!

Жиналған жас маман мұнайшылар қызу көтеріңкі көңіл күймен естелік фотошежіреге түсіп, мәре-сәре боп, жақсы көңіл күймен бір-бірімен қимай-қимай қоштасып тарасты.

ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНЕ - 5 ЖЫЛ

АДАЛ ЕҢБЕК МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Қойнауы қазыналы қазақ даласынан «қара алтын» қоры осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын барланған еді. Бергін келе табиғи байлық бүкіл елімізге жарап, бүгінгі бақуатты тұрмыстың негізгі тірегіне, ел экономикасының басты қозғаушы күшіне айналды. Был Қазақстан мұнайына 120 жыл, Қаламқас кен орнына 40 жыл, Компания жанындағы жас мамандар Кеңесіне бес жыл толуына орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру көзделген.

Жыл сайын мұнай өндірісінде тер төгіп жүрген жас буын өкілдері «Сәттілік формуласы» жобасы аясында ел арасында есім-сойы ерек, сөзі де ісі де ірі тұлғалармен жүздесіп, кең көсіле кемел әнгіме өрбітеді. Был игі дәстүр арқауы үзілмей, өз жалғасын тапты. Бұл жолы жастар өмір халқына аса танымал, абырой-беделі зор азамат, қоғам қайраткері Сақын Бүркітбайұлымен кездесу ұйымдастырды.

Ел алдымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Әкімбаевті құрметті қонаққа жылы лебізін танытып, игі тілегін білдірді. Кездесуде арда азамат алдымен өнегесі мол, тағалымы зор еңбек жолы жөнінде аз-кем әңгімелеп, биік лауазым иесі ретінде қызмет сатысынан орлеу құпиясымен бөлісті. Білікті басшы ірі



бастамалар мен тың жобаларға жетекшілік ету, кол астындағы қызметкерлерге бағыт-бағдар нұсқау, ірі мекемені ілгерілету жөнінде мол тәжірибесін ортаға салды. Білік тізгінін ұстаған жылдары өзі бас болған ауқымды істер мен мән-маңызы зор, салмағы басым елдік жобаларға жүзге асыру барысын да тілге тиек етті. Мәселен, әулие, Пір Бекет Атаның Маңғыстау өңірінде берілген асы жөнінде тарқата мазмұндап, бұдан соң әнгіме ауаның Шотан, Сүйінқара сынды бағырлар рухына арнап берілген ас шежірелері тұрасында біраз ой саларлық дүниелерге бұрды. Үйіткілді мәселелер түйінін дау-дамайсыз, дақырт-

данғазасыз тарқату, аса үлкен ықпалмен ел ілігі жолында адал еңбек ету, ортақ мүдде төңірегінде топтасу нәтижесінде өзекті мәселелер шешудің сырымен бөлісті. Бұдан бөлек басқосуда Сақын ағаның отбасы, сүйікті кітабы, бос уақытын тиімді өткізуі жөнінде қызық сауалдар қойылды. Езуге күлкі үйіре көңілді жауаптар да орын алды.

Сақын Бүркітбайұлы қайта құру жылдары бұқара еңесін тіктеу, халықтың мұн-мұқтажына құлақ түру, жок-жітігін жамап, кем-кетігін толықтыру жолында табанды тер төгіп, нәтижелі іс тындырған, ел тұрмысын көтеруге, өмір экономикасын ілгері сүйреуге сүбелі үлес қосқан саусақпен

санарлық азаматтардың бірі. Беделі зор азаматтың биік пайым-парасаты мен өмірлік тәжірибесінен туындаған кітаптар қалың оқырманға жол тартып келеді. Кездесу барысында Сақын аға өз кітаптарын жастарға сыйлық ретінде ұсынды. Әсерлі әнгіме өрбіген әдемі жүздесу Сақын ағаның сәттілік формуласының астарына үнілу, мәнін түйсінумен өз мәресіне жетті.

«Әр адам әр алуан мінезбен жаратылады. Жастайымыздан ашық, кісіге үйірсек, ақкөңіл болдық. Өзім қатар-құрбымызбен сыйластық. Өзім ұстаз тұтатын С.Мұқашов, Ж.Кейкін сынды азаматтардың мектебінен өткі. Совхозда жүргенде С.Әбдірахманов деген асыл азамат болды. Осындай ағалардан үлгі алдық. Елге болсынмен өмір сүрдік. Содан бері елдің де мен жөнінде көзқарасы он. Сәттілік формуласы дегеніміз жасың ұлғайған кезде ел бетіне тік қарап, үлкен-кішімен кездесіп, қауқылдасу, сыйластыққа өмір сүру», - дейді ел ағасы.

Кездесу соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының орынбасары Ж. Төлөгөжаев Сақын Бүркітбайұлына алғысын білдіріп, «Жас мамандар кеңесі» атынан арнайы сыйлық табысты. Жастар құрметті қонақпен естелік суретке түсті.

«Сақын Бүркітбайұлы өңірге сіңірген еңбегі жөнінде жастармен бөлісіп, бүкпесіз әнгіме орын алды. Керемет әсерге бөлендік. «Сәттілік формуласы» аясында аға буын өкілдері ақыл-көнісін аямай, бағыт-бағдар беріп келеді. Осы дәстүр өз жалғасын тапса деген тілегіміз бар», - дейді «Жас мамандар кеңесінің» мүшесі Еділ Бекмұратов.

ТАРИХ ОСЫЛАЙ БАСТАЛҒАН БОЛАТЫН...

Қазақ мұнайының тарихы 1899 жылы қараша айында Қарашүңгілден атылған тұңғыш мұнай бұрқағынан бастау алады. Демек биыл қазақ мұнайына -120 жыл. Геологиялық зерттеу нәтижелеріне қарағанда, Қазақстан жерінің барлық аймақтарында дерлік мұнай мен газ кендері бар екені анықталған, алайда қазіргі кезде тек Ақтобе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарынан ғана мұнай мен газ өндірілуде. Оңтүстік Қазақстан аймағынан әзірге Амангелді газ кеноры ғана игеріле бастады. Өзен мен Жетібай, Қаламқас пен Қаражамбас, Кеңқияқ пен Жана жол, Теңіз бен Қарашығанақ, Құмкөл, енді, міне, Қашаған, Қаламқас - теңіз, Ақтоты, Қайран... тәрізді әдемі есімдерді иеленген мұнай-газ кенорындары ел байлығын еселеуде. Мыңдаған адамдардың тағдырын байланыстыратын 200-ден астам кенорындарын дүниеге келтірген мұнайшы аға ұрпақтың есімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

Біз төменде «Мұнайшы» қоры шығарған Қазақстан мұнайы энциклопедиясының қазақ мұнайы тарихына байланысты бөлімнен үзінді жариялап отырмыз.

...Патшалық Ресей XVII ғасырдың аяғы -XVIII ғасырдың бас шенінде Қазақстанның ауқымды аумағына ерекше назар аударыла бастады, сойтіп өзінің шығыс шекараларын нығайту және оңтүстіктегі елдерге шығатын сауда жолдарын кеңейту мақсатында біздің еліміздің әр түрлі аймақтарына саудагерлерді, әскери топографтар мен табиғат зерттеушілерін мезгіл-мезгіл жіберіп тұрды. Атырау облысының ауқымды мұнай бар екендігі жайлы алғашқы дерек Бекевич-Черкасский

жатқан жағалауларда болып көрмеген. Бұл аумақ шындығында да ауқымды аймақ, ал оның біздің болашақ саудаларымыз бен Орталық Азия елдерімен саяси қатынастарымыздың шын мәніндегі кілті екендігін әскерскер, оның мәртебесі бұрынғыдан да биіктей түседі» (Жалпы география бойынша Орыс географиялық қоғамының жазбалары, 1883, т.10, 5-бет).

Батыс Қазақстан аймағын зерттеушілер әсіресе Маңғыстау түбегіне баса назар аударды. Бұл өңірді зерттеу 1846 жылы



жазбаларында көрсетілген, ол І Петр патшаның Жарлығына сәйкес 1717 жылы Хиуа өңіріне Ембі өзенінің төменгі ағысы арқылы жол тартқан әскери-топографиялық экспедицияны ұйымдастырушы болатын. Мұндай деректер географ Н. Северцевтің 1860 жылы жариялаған есеппенінде де бар (Ш. Есенов және басқалар, 1968).

1768 жылы ұйымдастырылған ғылыми экспедицияның есеппенінде (С. Гмелин, И. Лепехин, П. Паллас) Батыс Қазақстанның геологиясы мен пайдалы қазбалары жайлы кейбір деректер бар, онда көмір, мұнай, жанғыш тақтатастар, өзге де кейбір минералдық шикізаттар туралы айтылған. 1874 жылы Қарашүңгілдегі, Доссордағы және Иманқарадағы мұнай шығымдарын зерттеген Ресейдің Геологиялық комитетінің тау-кен инженері Д. Кирпичников былай деп жазған: «Мұнайдың мол шоғырлары бар екендігіне ешбір күмән жоқ, алайда бұл байлыққа қол жеткізу оңайға түспейді, себебі мұнда ауыз су жоқ, елді мекендермен қатынас, шабындыққа қолайлы шалғындар мен далалар жоқ».

Өз кезеңінің өте білімдер адамдарының бірі боп саналған Григорий Сильвич Карелин 1827 жылы қазақ даласының батыс аймағын аралаған, осында топографиялық түсіру жұмыстарын жүргізіп, аймақтың флорасы мен фаунасын зерттеген. Ол мұнда Бөкей ханның ұлы Жәңгір ханмен кездескен. Г.С. Карелин Жәңгір ханға қатты әсер еткен, сондықтан хан оған өзіне кенесші болып қызмет қылуды өтінген. 1832 жылы Г.С. Карелин Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларын зерттейтін ірі экспедицияның бастығы болып тағайындалған. Экспедиция журналының алғы сөзіне Г.С. Карелин былай деп жазды: «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалаулары өзінің географиялық жағдайы тұрғысынан өте маңызды аймақ, алайда ол өзінің осы мәртебесіне сәйкес келетін дәрежеде зерттелмеген. Теңізшілердің кейбіреулері ғана бұл шөлді аймаққа бас сұққан, онда да тиіп-қашып қана. Табиғат зерттеушілерінің ешқайсысы да Гурьев пен Көне Маңғыстау аралығында 900 шақырымнан астам қашықтыққа созылып

және фирмалар пайда болды. Олардың ішіндегі ең ірілері Жайық-Каспий мұнай қоғамы, «Ембі-Каспий», «Ағайынды Нобелдер серіктестігі», «Ембі», «Орал мұнайы» т.б. деп аталды. 1894 жылы Петербург кәсіпкерлерінің тобы мұнай кенорындарын іздеуге және барлауға концессия иеленді. Мұнай барлаудың алғашқы нысандары Доссор, Қаратон, Қарашүңгіл және Ескене өңірлері болды. «Ембі-Каспий» қоғамының концессиясын иелікке алған С. Леман компаниясы Қарашүңгілде тереңдігі 38 м-ден 275 м-ге дейінгі 21 ұңғыма бұрғылады. 1899 жылдың қараша айында осында бұрғыланған № 7 ұңғымының 40 метр тереңдігіндегі қарст қуысының тілгенген таужыныстарынан жеңіл мұнайдың біршама қарқынды бұрқағы алынды.

Осы оқиға көне қазақ жерінен мұнай көзі ашылуының бастауы деп есептелінеді. 1906-1909 жылдары Қаратонның жоғарғы бор түзілімдерінен өнеркәсіптік емес мұнай ағымдары 3-4 ұңғымада байқалды. 1910 жылы С. Леман компаниясы «Орал-Каспий» қоғамына ағылшын кәсіпкерлерінің қаржысын тарта отырып, Доссор өңірінде терең бұрғылау шараларын ұйымдастырды. 1911 жылдың 29 сәуірінде Доссорда 225-226 метр тереңдіктегі ортаңғы қораның түзілімдерін арысқан № 3 ұңғымадан

және фирмалар пайда болды. Олардың ішіндегі ең ірілері Жайық-Каспий мұнай қоғамы, «Ембі-Каспий», «Ағайынды Нобелдер серіктестігі», «Ембі», «Орал мұнайы» т.б. деп аталды. 1894 жылы Петербург кәсіпкерлерінің тобы мұнай кенорындарын іздеуге және барлауға концессия иеленді. Мұнай барлаудың алғашқы нысандары Доссор, Қаратон, Қарашүңгіл және Ескене өңірлері болды. «Ембі-Каспий» қоғамының концессиясын иелікке алған С. Леман компаниясы Қарашүңгілде тереңдігі 38 м-ден 275 м-ге дейінгі 21 ұңғыма бұрғылады. 1899 жылдың қараша айында осында бұрғыланған № 7 ұңғымының 40 метр тереңдігіндегі қарст қуысының тілгенген таужыныстарынан жеңіл мұнайдың біршама қарқынды бұрқағы алынды.



іздеумен де пәрменді түрде шұғылданды, кейінірек фосфориттер мен көмір көздерін іздеу шаралары да жүзеге асырылды.

С. Никитин экспедициясы анықтаған және жағымды бағаланған Қарашүңгілдегі, Доссордағы және Ескенедегі мұнай белгілері сол кездегі мұнайын жұртшылықты елестеткізді. Мұның нәтижесінде, 1892 жыл аяқталмай жатып-ақ кәсіпкерлер тарапынан Доссордың кейбір бөлікшелерінде барлау жұмыстарын жүргізуге деген алғашқы сұраныстар да түсе бастады. Көп кешіпей-ақ Жайық-Ембі өңірінде, Батыс Қазақстанның өзге де аймақтарында мұнай көздерін іздеу және барлау мақсатын көздеген көптеген қоғамдар, серіктестіктер



және фирмалар пайда болды. Олардың ішіндегі ең ірілері Жайық-Каспий мұнай қоғамы, «Ембі-Каспий», «Ағайынды Нобелдер серіктестігі», «Ембі», «Орал мұнайы» т.б. деп аталды. 1894 жылы Петербург кәсіпкерлерінің тобы мұнай кенорындарын іздеуге және барлауға концессия иеленді. Мұнай барлаудың алғашқы нысандары Доссор, Қаратон, Қарашүңгіл және Ескене өңірлері болды. «Ембі-Каспий» қоғамының концессиясын иелікке алған С. Леман компаниясы Қарашүңгілде тереңдігі 38 м-ден 275 м-ге дейінгі 21 ұңғыма бұрғылады. 1899 жылдың қараша айында осында бұрғыланған № 7 ұңғымының 40 метр тереңдігіндегі қарст қуысының тілгенген таужыныстарынан жеңіл мұнайдың біршама қарқынды бұрқағы алынды.

Осы оқиға көне қазақ жерінен мұнай көзі ашылуының бастауы деп есептелінеді. 1906-1909 жылдары Қаратонның жоғарғы бор түзілімдерінен өнеркәсіптік емес мұнай ағымдары 3-4 ұңғымада байқалды. 1910 жылы С. Леман компаниясы «Орал-Каспий» қоғамына ағылшын кәсіпкерлерінің қаржысын тарта отырып, Доссор өңірінде терең бұрғылау шараларын ұйымдастырды. 1911 жылдың 29 сәуірінде Доссорда 225-226 метр тереңдіктегі ортаңғы қораның түзілімдерін арысқан № 3 ұңғымадан

қарқынды мұнай бұрқағы алынды. Бұрқак 30 сағат бойы толастамады, сөйтіп 16700 пұт мұнай берді.

1900-1917 жылдар аралығында іздеу-барлау жұмыстарымен Ембі ауданы ғана емес, Еділ-Жайық аралығы (Новобогат, Қара Өзен), Батыс Мұғалжар маңы (Мортқы, Итассай), Каспий маңының орталық бөлігі (Мәтенкожа) және Ақтөбелік Орал өңірі (Жуса) да қамтылды. Барлауға 20 құрылым мен алаңшарлар тартылды, оларда 166 барлау және 117 игерім ұңғымалары бұрғыланды. Барлау жұмыстары Мақат және Солтүстік Ескене өңірлерінде, өзге де алаңшарларда жүргізілді. Солтүстік Ескенеде 7 ұңғыма, Қарашүңгілде 19 ұңғыма бұрғыланды. Доссорда жалпы ұзындығы 30 мың метрден астам 32 барлау және 100 игерім ұңғымалары, ал Мақатта 12 ұңғыма (5800 п.м.) бұрғыланды, 1915 жылы Мақатта сынама игерім жұмыстары басталды. Өнеркәсіптік мұнай ағымы юра түзілімдерінен алынды, ұңғымалардың бірінен мұнай 18,5 сағат бойы бұрқақтап тұрды, сөйтіп 250 тонна мұнай атылды. С. Леман компаниясы Қаратонда 20 барлау ұңғымасын бұрғылады, бұлардың барлығында дерлік мұнай көздері анықталды, мұнай өнімі тәулігіне 8 тоннадан 160 тоннаға дейін жетті. 1912 жылы барлау жұмыстары Новобогат кенорындарында басталды, мұнда 23 ұңғыма бұрғыланды, олардың жалпы ұзындығы 6195 м болды. 1913 жылы Қара Өзен, Білеулі, Жыңғылды, 1914 жылы Ақаткөл, Сатыбалды, Теген, 1915 жылы Мәтенкожа, Мортқы, Итассай, 1916 жылы Кейкебас, Жоса, 1917 жылы Иманқара, Дөңгелексор, Жалтыр алаңшарлары игерілді. Алғашында мұнай бұрқактық әдіспен өндірілді, кейінірек, ұңғыманың өздігінен мұнай бұрқағы толастағаннан кейін, оны ұңғыма ернеуі маңында әдейі орнатылған шұңқырлардан желонкамен тартандау әдісімен сорғылап өндірілді. Бұл өте қарапайым әдіс Ембіде 20 жылдан астам уақыт бойына қолданылды.

Мұнай өндіру тарихында «Ембі» Мұнай өндіру және сауда акционерлік қоғамының (1911-1919 жж.) орны ерекше. Бұл қоғам үкімет актісіне сәйкес 1912 жылдың 10 сәуірінде құрылған, оның құрылтайшылары толық статтық кенесші Э.Л. Нобель, статтық кенесшісі Т.В. Белозерский және дәстүрлі құрметті азамат И.И. Стихеев болды (ҚР Орталық Мемлекеттік архивы, 681-і қор, 1-і жазба, 13-і с). Бұл мұнай өнеркәсіптік акционерлік қоғамға қатысты бүкіл қаржылық операциялар Ресей-Азия банкі арқылы жүргізіліп отырды.

1924 жылы болып өткен Халық шаруашылығының Жалпыресейлік Кенесінде жасалған «Орал-Ембі ауданы және оны дамытудың перспективалары» атаулы баяндамада «Доссор мен Мақат – осы екі кәсіпшілік бүкіл ауданның мұнай өнеркәсібінің бастамасы» деп аталып көрсетілді.

Мұнайкәсіптік сипаттағы зерттеулердің, яғни мұнай жатындары мен жинауыш таужыныстардың астау жағдайларын анықтаудың өзіндік полигоны іспетті Мақат кенорындағы 105-ші ұңғыма 1915 жылы мұнай беріп тұрды. 1916 жылы «Ағайынды Нобелдер» серіктестігі тарапынан Жосалы құрылымында тереңдіктері 238 м және 132 м екі ұңғыма бұрғыланды. Осы ұңғымалармен арылған тұз қабаты Жосалы мұнай білінімін Орал-Ембі аймағының кенорындарымен салыстыруға мүмкіндік берді.

Орал-Ембі ауданын өнеркәсіптік тұрғыдан кенінен игеру мәселесін В.И. Ленин 1920 жылы, осы өңір ақгвардияшылардан азат етілгеннен кейін, күн тәртібіне қойды. Оның пәрменімен Александров-Гай – Ембі темір жолы салына бастады, бұл жолды тұрғызудың мақсаты осы қашық та шөлді аймақты ел орталығымен байланыстыру болатын. Темір жол тарту шаралары қуатты мұнай өнеркәсібін құруға және оны қаршата дамытуға қажетті бірден-бір шарт болатын. (Б. Сағынғалиев, «Үлкен Ембі» тарихы, Алматы, 2002 ж.).



ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ФОРУМЫ: ЖАСТАРҒА ЖАҢА БАҒЫТ



Облыста алғаш рет жас кәсіпкерлер форумы өтті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қолдауымен өткен шараға бизнес саласына енді ғана қадам басқан кәсіп иелері қатысты. Ауқым кең, мақсаты биік аталмыш шара Қазақстан мұнайына 120 жыл және Қаламқас кен орнының ашылғанына 40 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Өңірдегі жас кәсіпкерлер қашанда қолдауға ие. Бұл тұрғыдан мұнай саласындағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қолдауы ерекше.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қолдауымен облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған форумның басты мақсаты – бизнес ашуды мақсат еткен кәсіпкерлерге бағыт-бағдар көрсету, жаңа жобаларын таныстыруға мүмкіндік беру, инновациялық бірлестіктің потенциалын көрсетіп, оны қолдау. Форумға қатысып, бизнес бастауға талаптанған талапкерлердің көп екендігіне қуаныштымыз. Осындай кәсіпкерлікке бейім бар жастарды қолдап, оларға кәсіпкерлер мен сарапшылар көмегімен бағыт-бағдар көрсетуге арналған шаралардың көптеп ұйымдастырылғаны құба-құп. Жастардың бастап жатқан жаңа жобаларының ел игілігіне пайдасы тиісіне тілектеспіз. Осы орайда, компания басқармасы атынан форум жұмысына «сәттілік тілеймін!», - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының заң және кадр мәселесі жөніндегі орынбасары Ерболат Сәрсенов.

Ауқымды шара үш этап бойынша өткізілді. Алдымен залда көрме ұйымдастырылып, қатысушы кәсіпкерлердің өнімдері жұртшылыққа таныстырылды. Сонымен қатар олар өзара бір-бірімен де танысып, жаңа серіктестер табуға мүмкіндік алды. Екінші кезеңде жас кәсіпкерлер мен кәсіп бастауға ниеттілер експерттік кеңес алаңында бас қосып, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, «Даму» қоры, екінші деңгейлі банк өкілдері және облыстық кәсіпкерлік басқармасы мамандарына көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Олар өз тараптарынан қатысушыларға несиелер алуға арналған бағдарламалар, субсидиялар, оларды алу жолдары,



басқа да мүмкіндіктер туралы толық ақпарат берді. Үшінші кезеңде, өңірдегі ірі бизнес өкілдері кәсіп бастаудағы, оны дамытудағы бірнеше жылдық тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтар болсақ, сату және көпшілік алдында сөйлеу жөніндегі маман Қайрат Хасанов өнімдерді сату, тұтынушымен дұрыс қарым-қатынас орнату қағидаларын айтса, SMM-маманы, таргетолог Елена Ясинова әлеуметтік желіде өз-өзін жарнамалау жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ Маңғыстау облысындағы «Domino home & hoga» атты алғашқы франчай-зиндік жүйесінің бас директоры және негізін қалаушы Жалғас Дәулетов пен отбасылық наубайхана, сәндік салон студиясы және отбасылық ресторандар жүйесінің негізін қалаушы Шамрад Телубаев қатысушыларға кәсіп бастаудың қыр-сыры мен жетістікке жетудегі құпияларымен бөлісті.

«Осындай маңызды іс-шаралар жастарға ауадай қажет», - дейді «Жарқын кәсіпкер» бизнес клубының төрағасы, кәсіпкер Жалғас Дәулетов.

«Бүгін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қолдауымен облыста алғаш рет жас кәсіпкерлер форумын өткізіп

жатырмыз. Форумның көздегені өңірдегі жас кәсіпкерлерге әрі қарай кәсіпін жандандыру үшін, жаңа серіктестер тауып, өздерін халыққа таныстыру үшін мүмкіндіктер беру. Бұл жерде жастардың алға қарай дамып, мақсаттарын айқындауға жол ашылады. Мұндай жобалар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға осы форумды өткізуімізге тікелей қолдау

білдіргені үшін алғыс айтамын», - дейді Ж. Дәулетов.

Шараға қатысушы жастар да бұл форумның пайдасы зор екенін айтады.

«Осындай шаралардың жиі өткізіліп тұрғаны біз үшін үлкен көмек. Себебі өңірдегі басқа да кәсіпкерлермен жүздесеміз, тәжірибе алмасамыз. Тұтынушылармыздың да санын арттырамыз. Бұның барлығы жұмысымыздың алға қарай дамуына біршама үлес қосады. Сонымен қатар өзіміздің жұмысымызды халыққа таныстыруға мүмкіндік аламыз», - дейді кәсіпін бір жыл бұрын бастаған «Алтын декор» ЖШС директоры Нұрқұат Ванов.

«Форумнан алған әсерім өте керемет. Облыстағы бизнес өкілдері біз секілді жас кәсіпкерлерге кәсіпті қалай жүргізу керек, қалай дамытуға болады, сол секілді әдістерін егжей-тегжейлі үйретті деп айтуға болады. Бізге осындай мүмкіндік сыйлаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға, «Жарқын кәсіпкер» бизнес клубының ұйымдастырушыларына алғыс білдіреміз. Өз кәсібімізді жүргізуге осы форумның ықпалы зор деп есептеймін», - дейді жас кәсіпкер Эльмира Тәджітенова.

Жастардың жалынды, дамуына жаңа серпін берген осындай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.



Таным

БРЕЙН-РИНГ – ЗЕРЕК ЗЕРДЕ САЙЫСЫ

Атаулы мерейтой аясында терең білім, зерек зерде мен жүрек ойға ие жас мамандар тартымды сайыста өзара сынға түсті. Бұл жолғы «Брейн ринг» ойыны Қазақстан мұнайының тарихымен байланысты болды. Өндірістік басқармалар ойыншыларынан құралған командалар кез

келген сауалды ортақ талқыға салып, қысқа мерзімде жауап қағуға тырысты. Ұтқыр команда сан алуан сауалға ұтымды тіл қатып, жоғары ұпайды қоржынына салды. Екінші кезеңде логикалық сауалдар жолданды. Терең білімді топ мүшелері бұл сынақтан да абыроймен өтті.



Әділ қазылар алқасы ұпай санын есептей келе бас жүлдені «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ аппарат қызметкерлерінен құралған «Триас» тобына табыстады. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының «Қырандар» тобы 2-орынға тұрақтады. Ал қола жүлде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының «Алты мұнайшы» командасының қоржынына түсті. Жеңімпаз командаларға

арнайы кубок пен диплом, ал әрбір қатысушыға кітап пен қаржылай сыйлық табысталды.

«Жас мамандар кеңесі» ұйымдастырған сайыс өте қызықты өтті. Бұл алдағы уақытта жоспарланған іс-шаралардың бастамасы ғана. Тамыз айында да бірқатар қызықты шаралар ұйымдастырылмақ», - дейді «Жас мамандар кеңесінің» төрағасы Шыңғыс Әбідров.

Техника безопасности

ПРОМЫШЛЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО!

По поручению руководства АО НК «КазМунайГаз» в целях предотвращения и предупреждения чрезвычайных ситуаций, инцидентов, пожаров и несчастных случаев, связанных с производственной деятельностью, специалистами ДТБОТиООС АО «Мангистаумұнайгаз» с 20 по 25 июля были проведены работы по проверке объектов на месторождениях Каламкас и Жетібай на предмет соблюдения требований промышленной безопасности.



По информации инженера охраны труда и техники безопасности ДТБОТиООС Жанболата Жаумутбаева, в ходе работ была проверена эффективность внедрения программы «Единая система управления охраной труда,



поведенческого наблюдения безопасности (ПНБ), также осуществлена проверка внедрения системы оценки рисков и принятия мер по ликвидации обнаруженных несоответствий с требованиями по безопасности и охране труда, проведен мониторинг соблюдения графиков замены технических устройств с истекшим сроком эксплуатации и многое другое.

По итогам работ выявлены 45 нарушений требований в области охраны труда, промышленной и пожарной безопасности, в 34 случаях нарушения устранены, по 11 пунктам работа продолжается.

Кроме того, проведены учебно-тренировочные занятия в цехе по добыче, подготовке и транспор-

тировке газа ПУ «Каламкас-мұнайгаз» по теме: «Разгерметизация газопровода с дальнейшим загоранием» с участием специалистов службы охраны труда и промышленной безопасности, представитель ТОО «РЦШ «ПВАСС», ТОО «Семсер-ӨртСендіруші» и ТОО «Институт-хирургии».

В целом учения прошли на высоком уровне, все задействованные службы работали слаженно и показали хорошие навыки взаимодействия и взаимопонимания.

Игі іс

МҰНАЙШЫЛАРҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ



Біз Алланың қалауы, халықтың қолдауымен Оңды ауылында Алланың жердегі үйі – мешіттің құрылысын бастаған болатынбыз. Ауыл халқының мешіт саламыз деген талабы зор болғанымен қолы қысқа, ауылдан шыққан ірі кәсіпкерлеріміз тағы жоқ. Сондықтан да, жүрегінде иманы, қолында қайырмы бар азаматтарға, мекеме басшыларына, мұнай компанияларына өтініш хат жолдаған болатынбыз.

Бізге алғашқылардың бірі болып үлкен демеушілік жасаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшыларына, қарапайым мұнайшыларға алғысымыз шексіз. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мекемесі облысымыздағы көптеген қайырмдылық шараларына үнемі қатысып, халыққа үлкен қолдау білдіріп келеді. Біз жасалып жатқан жақсылықтарды үнемі оқып, көріп, риза болып отырамыз.

Қазір мешіттің құрылысы аяқталуға жақын. Алла қаласа, осы тамыз айында мешіттің сыртқы құрылысы толық бітеді. Енді мешіттің ішкі әрлеу жұмыстары басталады. Мешіттің ашылу салтанатын қазан айының 12 жұлдызына жоспарладық. Өйткені осы күні Оңды ауылында «Халық жазушысы» әлем әдебиетінің көпбасшыларының бірі, жерлесіміз Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шаралар өтеді. Бұл мерекеге елімізде белгілі азаматтар және ҚР Бас Фуқтні Серікбайқажы Ораз келіп мешіттің алғашқы намазын оқыды деп күтудеміз. Сол салтанатты шараға барлық мұнайшыларды құрметті қоңақ ретінде шақырамыз!

Сіздерге Алла жар болсын! Мұнайшыларымыз еліміздің өркендеп дамуына өз үлесіңізді қоса берейі!

Құрметпен,

«Оңды ауыл мешіті»
қорының төрағасы

Жәнібек Қожық

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Өндіріс

САНДЫҚ ЖҮЙЕ – САПАНЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Цифрландыру, күнделікті қызметке қазіргі заманның озық технологияларын енгізу. 18 шілде күні, «Мұнайтелеком» компаниясы ұйымдастырған ақпарат күнінде сөз болған басты тақырып осы болды.



«КазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы Мұнай және газ өндіру жөніндегі Басқарушы директоры Абат Нұрсейітұлы мырза мен «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай сервисі бойынша басқарушы директоры Айнур Шаненова ханымның қолдауымен ұйымдастырылған мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың басқосуында «Мұнай-телеком» компаниясы жақсы жаңалықтарымен бөлісті.

Мәселен, «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Ербол Мұқашевтің сөзінше, мекеме бүгінгі таңда бұрғылау, ұңғымаларды жөндеу деректерін оңдеу, электрондық құжат айналымын пайдалану арқылы бизнес-үдерісті автоматтандыру бағыттарына мұқият ден қойған. Бұл ретте Компания бивл «Documentlog» ЖШС-мен ынтымақтастық жайлы меморандумға қол қойып, батыс өңірі бойынша ресми өкілі атанған. Сонымен бірге,

өндірісті қашықтықтан басқару, мұнай кен орындарын игеруді басқаруды сандық жүйеге көшіру жобалары қолға алынған.

Арнайы техниканы, жалпы құрал-жабдықты тиімді қолдану мәселесінде отандық «Ембімұнайгаз», ресейлік «Татнефть» сияқты маңдайалды компаниялардың іс-қимылына көңіл бөлінуде екен. «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен өңірдің жер қойнауын пайдаланушылардың арасында тәжірибе алмасу да еш өзектілігін жоймақ емес. «Анығы, тың да тиімді шешімдерге, жаңа идеяларға әрдайым әзірміз», - деген Ербол Мұқашев әріптестеріне еселі еңбектері үшін зор алғысын білдіріп, кәсіптеріне жеміс тіледі.

Кездесу барысында «ҚМГ - Инжиниринг», «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «ҚаражанбасМұнай», «Емир-Ойл», «BUZACHI OPERATING LTD», «Ойл Транспорт Корпорейшн», «Oil Services Company», «Oil Construction Company», «Маңғыстауэнергомұнай», «Тұлпар-МұнайСервис», «Кен-құрылыс-Сервис», «Бұрғылау» және де тағыда басқа компаниялардың өкілдері ойларын ортаға салып, компанияның ұсынған қызметтерін талқалауға қатысты.

«Біз техникалық супервайзинг қызметтерін көрсететін боламыз. Бұл

болып табылады. Телекоммуникация, өлшеу құралдары, автоматтандыру-телемеханика және көлік құралдарын жерсеріктік қашықтықтан басқаруды қамтамасыз ету, кейнебақылау, өрт-құзет дабылы, метрология, стационарлық және жылжымалы радиобайланыс, кабельдік телдесіне, өнеркәсіптік жабдықтарды орнату саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Жоғары білікті кадрлық әлеуетке, технологиялық қуатқа ие. Ақтау қаласына, «Қаламкас», «Жетібай», «Асар», «Қаражанбас» және «Өзен» кен орындарына қызмет көрсетіп, бірыңғай ақпараттық кеністікке біріктіруде.

Сонымен қатар, шара аясында, «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Мұнай және газ өндіру жөніндегі Басқарушы директоры Абат Нұрсейітұлы мырзаны «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай сервисі бойынша басқарушы директоры Айнур Шаненова ханымның қатысуымен жаңа спорт залының ашылу салтанаты өтті.

«Біз елді мекендердің, адамдардың өзара байланысының маңыздылығын жақсы түсінеміз. Бұл тұста әлемдік үрдістерді қырағы бақылап, ең жақсысын мұнай және газ өндірісіне енгіземіз. Нәтижесінде өнім сапасы артып, жұмыс жетіледі, еңбек үту жағдайы жақсарды. Бүгін жарияланған ақпарат баршыңызға пайдалы болды деп ойлаймын. Бірге өсіп, өрлейік!», - деп қорытындылады телекоммуникациялық оператор жетекшісі.

Түбек өмірінде жарты ғасырдан астам бай тарихы қалыптасқан «Мұнайтелеком» ЖШС, бизнесті дамытудан басқа, өзінің білімі мен күш-жігерін, қабілетін кәсіпорынның түзетуіне жұмсай алатын жақ қызметкерлерді биік белестерді бағындыруға тартуда. Ал, бұл, еліміздегі Жастар жылында айрықша маңызды екені аян.



тапсырыс берушіге ұңғыма ішіндегі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын уақытты онтайландырып, қолданыстағы ұңғымалардың мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға, тиімсіз мерлігерлер бригадаларын анықтауға мүмкіндік береді.

«Мұнайтелеком» ЖШС қызметінің негізгі мақсаты Маңғыстау облысының экономикасын, мұнай өнеркәсібіндегі ұйымдарды тұрақты байланыспен қамту

Добрые дела

«АЛАУ»: ОБЪЕДИНЯЯ СЕРДЦА

Любимая пора мальчишек и девчонок – лето – подходит к концу, впереди новый школьный сезон. Начало учебного года дети из города Арысь будут встречать полные прекрасных воспоминаний, о теплом ласковом море, с новыми друзьями и массой ярких впечатлений. Этим летом город Арысь серьёзно пострадал от серии взрывов снарядов в воинской части. После ЧП на призыв о помощи откликнулись со всех уголков Казахстана. АО «Мангистау-мұнайгаз» перечислило в фонд помощи пострадавшим более 30 млн. тенге, а также организовало летний отдых для детей из Арысь. 100 детей из Южного Казахстана принял оздоровительный лагерь нефтяников «Алау».

За две недели ребята обрели много новых друзей, посетили исторические и культурные достопримечательности Мангистау, участвовали в познавательных и спортивных конкурсах, персонал лагеря окружил отдыхающих теплом и заботой и сердца детей растаяли. Прощаясь со своими новыми друзьями, воспитателями и вожатыми многие из ребят не сдерживают слез.

Дети из Арысь в первый раз отдыхали в лагере «Алау» и признаются, что эти каникулы они запомнят навсегда.



- Это были потрясающие каникулы, все было просто замечательно, и встретили нас очень тепло, - говорит Улар Курмангазы. - Хочу сказать большое спасибо за организацию нашего отдыха.

- Мне очень понравилось в лагере «Алау», - вторит Открит Айтбай. - Я много нового узнал о Мангистау, каждый день для нас было предусмотрено интересные мероприятия. Мне очень хотелось бы вернуться в «Алау» еще раз.

- А мне больше всего запомнилось посещение Дома дружбы, где специально для нас был подготовлен замечательный концерт, и еще каждый ребенок получил

подарок, - признается Гаухар Саурбек.

Педагоги средних общеобразовательных школ города Арысь, которые сопровождали детей в поездке к морю, также довольны условиями и организацией отдыха.

- В первую очередь хочу выразить огромную благодарность акимату Мангистауской области и акционерному обществу «Мангистау-мұнайгаз», за то, что протянули руку помощи в трудную минуту, - говорит преподаватель средней школы № 4 города Арысь Роза Саудаева. - Также большое спасибо хочется сказать руководству и всему персоналу лагеря «Алау» за радушный прием. Каждый работник лагеря делал все возможное, чтобы дети поскорее забыли о взрывах снарядов и насладились великолепным опытом.

- Дети очень довольны – это самое главное, говорит еще один педагог из города Арысь Айгерим Бекжанова. - Уверена, что каникулы по берегу Каспия ребятам запомнятся надолго.



Спорт

ЗАРЯДКА ДЛЯ УМА И ТЕЛА



В рамках празднования 120-летия Казахской нефти и 40-летия месторождения Каламкас в АО «Мангистау-мұнайгаз» продолжают различные спортивные соревнования, среди работников Общества.



В турнире среди шахматистов победу праздновал менеджер финансового департамента Нурлан Аманкулов, второе место занял ведущий инженер-программист ДАИТиС Сейсенбай Ногай, замкнул призовую тройку ведущий инженер ДАСВ Самат Темирхасов.



- В шахматы я научился играть в детстве, но более глубоко увлекся ими позднее, - отметил чемпион Нурлан Аманкулов. - Хочу поблагодарить организаторов за турнир, все было проведено на хорошем уровне.

Среди любителей настольного тенниса не было равных маркшейдеру ПУ «Жетыбаймұнайгаз» Балмухану Торебеку, серебряная медаль досталась Сұлтану Тилегену из ДАСВ и механик УПСВ ПУ «Каламкас-мұнайгаз» Жетесин Алманов стал бронзовым призером.

С соревнованиях по мини-футболу по круговой системе чемпионами стали работники ДБПиЭА, второе место завоевала команда Профкома, сборная «Мангистау-мұнайгаз-1» (ветераны) поднялась на третью ступень пьедестала.

А тем временем в Нур-Султане в спорткомплексе «Сайран Арена» завершился традиционный турнир по футболу среди ветеранов на «КУБОК КАЗМУНАЙГАЗПРОФ», на этот раз он был посвящен 120-летию Казахстана нефти.

За престижный профсоюзный трофей боролись ветераны физической культуры и спорта ведущих

нефтегазовых компаний страны: АО «НК «КазМунайГаз», АО «Мангистау-мұнайгаз», АО «Каражанбасмұнай», «Ойл Транспорт Корпорейшн», «Ойл Констракшн Компани», «Ойл Сервис Компани» и центрального аппарата отраслевого профсоюза.

В итоге в упорной борьбе чемпионом турнира и обладателем «КУБОК КАЗМУНАЙГАЗПРОФ» стала команда ветеранов АО «Каражанбасмұнай», во главе с вице-президентом компании Балабаем Чельцевым, который к тому же стал обладателем специального приза в номинации «Лучший тренер турнира». Второе место у сборной АО «Мангистау-мұнайгаз» (капитан Тарген Мысамбаев), третьими стали спортсмены отраслевого профсоюза «КАЗМУНАЙГАЗПРОФ».

Кроме того, лучшим игроком соревнований в соответствующих амплуа были вручены специальные призы и именные дипломы. Единогласным решением оргкомитета лучшим вратарем турнира признан Самат Смагулов (АО «Мангистау-мұнайгаз»), а лучшим игроком стал Владимир Турков (АО «Каражанбасмұнай»), обладателем приза «За волю к победе» награждена команда ветеранов ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшн».



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:
«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева,
Г.Әбдісәдік

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., №1 үй,
тел:
212-035, 215-266
212-194, 211-885

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
кезқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютер-
інде теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«АТІS» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
17 ш.а.
тел: 525500